

# **Қ.Сәтбаев атындағы жалпы орта білім беру мектебі**

## **Қамқоршылық кеңес отырысының**

### **Хаттама № 2**

22 қазан 2021 жыл

**Күн тәртібінде:**

**«Әлеуметтік жағынан қорғалмаған отбасылар мен күнкөрісі төмен отбасыларға «Қайырымдылық» айлығында көмек көрсету**

**Катысқандар:**

Ахметов К.Б. Қамқоршылық кеңесінің төрайымы

Мүшелері:

1. Рамазанова А- Қамқоршылық кеңесінің мүшесі
2. Тапалов Э.Б.- Қамқоршылық кеңесінің мүшесі
3. Мамбетов Б.К.- Қамқоршылық кеңесінің мүшесі

**Сөйлегендер: Мектеп директоры Ж.Джумалиева**

- Құрметті қамқоршылық кеңесінің мүшелері, өзімнің және мектеп ұжымының атынан сіздерге үлкен ризашылығымды білдіргелі тұрмын. Осы оқу жылы көптеген іс-шаралар атқарылды, сіздердің таралынан қайрымдылық істер ұйымдастырылып, ата-аналарымызға, оқушыларымызға көмек ұшын тигіздіндерініз үшін Алғыс айтамын. Келесі оқу жылында да осындай жұмыстарды бірлесе атқарып, игі шаралардың күесі болайық. Акция туралы жеке кәсіпкерлерге, шаруашылық басшыларына аз қамтылған отбасы балаларына көмек көрсету және акцияға қатысу үндеу-хаттар жіберілді. Осы хат негізінде, аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларына жалпы мектеп ұжымының атынан 30000 теңге көлемінде 10 балаға көмек көрсетілді. Ауданның мекемелері, жеке кәсіпкерлер және жеке тұлғалар аз қамтылған, көпбалалы отбасы балалар қатарына жататын мектебіміздің 58 баласына жалпыға білім беру қорынан оқу құралдарымен көмек көрсетілсе, аудан көлеміндегі кәсіпкерлер мен мекемелер өз көмектерін көп балалы көмектерін ұсынды. Көмектің жалпы сомасы - 380000тенге. Көмек көрсеткен демеушілерімізді атап кетсек: Тасқала аудандық «Нұр Отан» партиясы, аудандық маслихат, дene шынықтыру пәні мұғалімі Давлетов К.Д, Сабиров С.Ш., мектеп директоры Ж.Джумалиева Тасқала аудандық ПБ, Тасқала аудандық білім белімі, ауылдық округ ұжымынан ұйымдастырылды.